



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ



Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы: «Жібек Жолы» ШҚ-да қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыштарды дұрыс қолдану жоғары және сапалы өнім алудың негізі

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«14» шілде 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын::
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Көктал ауылы, ШҚ «Жібек Жолы»

Эксперт: Мақсұт Пошанов М.Н.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы



Рамаза Р.Х. Рамазанова
(қолы)

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

«Жібек Жолы» ШҚ-да қант қызылшасын өсіруде тыңайтқыштарды дұрыс қолдану арқылы жоғары және сапалы өнім алу.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;

Қант қызылшасынан жоғары және сапалы өнім алудың негізі – тыңайтқыштарды дұрыс және ғылыми негізде қолдану. Бұл дақылдың топырақтан қоректік заттарды көп тұтынуы оның өсуі мен дамуы үшін теңдестірілген қоректенуді қажет етеді. Қант қызылшасы үшін азот (N), фосфор (P) және калий (K) негізгі макроэлементтер болып табылады.

Азот – вегетативті массаның қарқынды өсуіне жауап береді. Алайда, артық азот қант мөлшерін азайтып, тамыржемістің сапасын нашарлатуы мүмкін. Фосфор – тамыр жүйесінің дамуына, өсімдіктің ерте пісуіне және қант түзілуіне ықпал етеді. Калий – қанттың жинақталуына, ауруларға төзімділікті арттыруға және су балансын реттеуге көмектеседі. Микроэлементтер – бор, марганец, мыс, молибден сияқты микроэлементтер де маңызды рөл атқарады, әсіресе бор жетіспеушілігі қант қызылшасында жиі кездеседі. Органикалық тыңайтқыштар (мысалы, көң, компост) топырақ құнарлылығын арттыруда шешуші рөл атқарады. Топырақ құрылымын жақсартады, су мен ауа өткізгіштігін арттырады. Гумус мөлшерін көбейтеді, топырақтың қоректік заттарды ұстап қалу қабілетін жақсартады. Микробиологиялық белсенділікті ынталандырады, қоректік заттардың өсімдіктерге қолжетімді нысандарына айналуына көмектеседі. Буферлік қасиеттерін арттырады, топырақ рН-ының күрт өзгеруінен қорғайды.

Органикалық тыңайтқыштарды енгізу минералды тыңайтқыштардың тиімділігін арттырады және топырақтың ұзақ мерзімді құнарлылығын қамтамасыз етеді.

3) өнім өндірісінің ұлғаюының/өнімділіктің жоғарылауының/өзіндік құнның төмендеуінің және т. б. сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Тыңайтқыштарды қолданудың ең тиімді стратегиясы топырақтың нақты қажеттіліктерін анықтаудан басталады. Топырақ талдау – әрбір егіс алдында топырақтың химиялық құрамын анықтау өте маңызды. Бұл қоректік заттардың тапшылығын немесе артық мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Дақылдың өсу фазасына байланысты қоректік заттарға деген қажеттілігі өзгереді. Тыңайтқыштарды осы фазаларға сәйкес бөліп енгізу тиімділікті арттырады.

Топырақ құнарлылығын анықтау және агрохимиялық зерттеулер. Топырақ үлгілерін алу: Дәл нәтиже алу үшін әртүрлі тереңдіктерден (мысалы, 0-20 см, 20-40 см, 40-60 см) және әртүрлі учаскелерден дұрыс үлгілер алу қажет. Зертханалық талдау – топырақ үлгілерін зертханада

химиялық талдау арқылы қоректік заттардың мөлшері, рН, гумус құрамы, механикалық құрам және т.б. анықталады.

Деректерді интерпретациялау – алынған нәтижелер негізінде топырақтың жағдайы бағаланып, тыңайтқыштарды қолдану бойынша ұсыныстар жасалады.

Тыңайтқыштарды дұрыс қолдану қант қызылшасының өнімділігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар топырақтың ұзақ мерзімді құнарлылығын сақтауға және қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға ықпал етеді.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

